

Мүгедектер үшін жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 27 тамыздағы № 855 қаулысы. Қостанай облысы Рудный қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 4 қазанда № 9-2-166 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 216 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 29.02.2016 № 216 қаулысымен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабы 5-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31-бабы 1) тармақшасына, 2010 жылғы 24 тамыздағы № 7 сараптама қорытындысына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Рудный қаласы бойынша жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыз мөлшерінде мүгедектер үшін квота белгіленсін.

2. "Рудный қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) мүгедектерді квотаға сәйкес жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша шаралар қолданысқа;

2) мүгедектерді квота есебінен жұмысқа орналастыру мониторингін жүргізісін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау әкімнің орынбасары А.А.Ишмұхамбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласының әкімі

Н. Денинг